ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО
НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы,
«Министрліктер Үйі» тел: (7172) 74-17-68

010000, город Астана,
«Дом Министерств» тел: (7172) 74-17-68

_____№_____

Қазақстан Республикасы
Құрылтайының депутаттарына
(тізім бойынша)

2026 жылғы 30 қыркүйектегі
№ ДС-43 депутаттық сауалға

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі депутаттық сауалда көтерілген мәселелер бойынша ақпаратты қосымшаға сәйкес жолдайды.

Қосымша: 5 парақта.

Министр **С. Нұрбек**

22.10.2026 Копия электронного документа.

Орынд.: Ұ. Әбдіғалиева
Тел:74-24-26

Қосымша

1) Мемлекеттік университеттердің автономиясы тетіктерін жетілдіру және жоғары білім беру орындарын корпоративті басқару пайдасына өкілеттіктерді қайта бөлу

Университеттердің автономиясын дамыту мәселесі жоғары білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Қазіргі күні Қазақстан Республикасында жоғары оқу орындарының академиялық, басқарушылық және қаржылық дербестігін қамтамасыз ететін нормативтік-құқықтық және институционалдық база қалыптасқан.

2018 жылдан бастап Академиялық және басқарушылық дербестік туралы Заңның (бұдан әрі – Заң) шеңберінде жоғары оқу орындарына қызметтің 16 түрі мен 19 құзырет берілген.

Осылайша «Білім туралы» Заңның 43-1-бабының 2-тармағына сәйкес ЖЖОКБҰ білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және бекітуге, оқу жүктемесін өздері айқындайтын нормалар негізінде білім беру қызметін жүзеге асыруға, сондай-ақ еңбекақы төлеудің нысандары мен мөлшерін белгілеуге, ЖЖОКБҰ-ға қабылдау қағидаларын, және оқу жұмыс жоспарларын, оқу жұмыс бағдарламаларын және т.б. әзірлеуге бекітуге құқылы.

Ұлттық жоғары оқу орындары қосымша түрде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мазмұнын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарынан төмен емес деңгейде дербес айқындауға, философия докторы (PhD) және бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру құқығына ие.

Назарбаев Университетінің тәжірибесін ескере отырып, жоғары оқу орындарының басқарушылық дербестігі қалыптастырылды. Мемлекеттік жоғары оқу орындарын коммерциялық емес акционерлік қоғамдарға трансформациялау және корпоративтік басқару жүйесін енгізу бойынша ауқымды жұмыс жүргізілді. Жоғары оқу орындарына алқалы басқару органдарын (директорлар кеңесі, басқарма) қалыптастыруда дербестік берілді.

Сонымен қатар жоғары оқу орындарының басқару тиімділігін арттыру, шешімдер қабылдау үдерісін жетілдіру және корпоративтік басқару қағидаттарын одан әрі дамыту мәселелері Министрліктің тұрақты бақылауында.

Жоғары оқу орындары лауазымдардың біліктілік жүйесін өз бетінше әзірлеуге, бюджеттен тыс қаржыландыру көздері есебінен ғылыми-білім беру қызметі бойынша заңды тұлғалар, стартап-компаниялар құруға, жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін қосымша қаржылық және материалдық ресурстар тартуға, сондай-ақ шетел мемлекеттерінде филиалдар ашуға құқылы.

2025 жылы «Нысаналы капитал қорлары және эндаумент-қорлар (нысаналы капиталдар) туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Осы Заңды іске асыру шеңберінде Қазақстанда алғашқы «Ғылым және білім эндаумент-қоры» тіркелді. Қордың құрылтайшысы «Alageum

22.10.2026 Копия электронного документа.

Electric» компаниясы болып табылады, эндаумент-қор капиталы 2 млрд теңгені құрайды.

Аталған қорды құру ғылым мен білім саласын бюджеттен тыс қаржыландырудың тұрақты жүйесін қалыптастыруға және Қазақстанда эндаумент индустриясын одан әрі дамытуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасының эндаумент-қорларының Ұлттық қауымдастығы құрылды. Осылайша қазіргі күні Қазақстанның барлық жоғары оқу орындарында эндаумент-қорларды дамыту үшін құқықтық негіз қалыптастырылған.

2) Ғылым, инновациялар, аумақты дамыту орталықтары ретінде өңірлік университеттерді қолдаудың кешенді бағдарламаларын әзірлеу

Өңірлік жоғары оқу орындары өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуде, еңбек нарығына қажетті кадрларды даярлауда және ғылыми-инновациялық әлеуетті қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Осыған байланысты өңірлік университеттердің ғылыми және білім беру әлеуетін арттыру, олардың жұмыс берушілермен, ғылыми ұйымдармен және өндірістік кәсіпорындармен өзара іс-қимылын күшейту жөніндегі жұмыстар жүргізілуде.

Атап айтқанда жоғары оқу орындарының базасында ғылыми зертханаларды, инженерлік және технологиялық орталықтарды дамытуға, қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізуге және өңір экономикасының нақты қажеттіліктеріне бағдарланған білім беру бағдарламаларын қалыптастыруға басымдық беріледі.

Жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында, сондай-ақ экономиканың тиісті салаларын дамыту тұжырымдамаларында көзделген міндеттерге сәйкес бағыттар бойынша жүргізілуде.

Инновациялық жүйелердің негізін академиялық білімді практикада қолдануға трансферттеу алаңдары болып табылатын академиялық және зерттеу артықшылық орталықтары (бұдан әрі – АЗАО) ретіндегі университеттер құрайды.

2024–2026 жылдарға арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде өңірлік университеттердің базасында 6 АЗАО құрылуда.

Сонымен қатар 7 жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы 2026 – 2028 жылдарға арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға өтінімдер ұсынды.

Осылайша АЗАО желісі қалыптастырылып, өңірлердің экономикалық мамандануы мен ғылыми-технологиялық басымдықтарын ескере отырып, кезең-кезеңімен кеңейтілуде.

Әріптес кәсіпорындармен өзара іс-қимыл жасай отырып, жоғары оқу орындары экономиканың нақты секторының сұраныстарына сәйкес жұмыс жүргізуде.

3) Ғылыми мансаптың үздіксіз жүйесін қалыптастыру және ғалымдарды өңірлерге тарту әрі орнықтыру үшін қосымша ынталандыру тетіктерін енгізу

Ғылыми мансапты қолдауға бағытталған кешенді шаралар іске асыруда.

Біріншіден, ғылыми мансапты тұрақты қаржыландыру қамтамасыз етілуде. «Жас ғалым» бағдарламасы және арнайы гранттық конкурстар арқылы жас зерттеушілерге өз ғылыми жобаларын үш жыл бойы іске асыруға мүмкіндік беріледі.

Екіншіден, ғалымдардың әлеуметтік мәртебесі мен материалдық жағдайын жақсарту көзделген. Соңғы жылдары ғылыми ұйымдар қызметкерлерінің лауазымдық айлықақылары 18%-ға көтеріліп, ғылыми дәрежелер мен атақтар үшін төленетін қосымша ақылар ұлғайтылды. Жыл сайын әрқайсысының мөлшері 2 000 АЕК болатын «Үздік ғылыми қызметкер» сыйлығы 50 ғалымға беріледі.

Тұрғын үй мәселесіне ерекше назар аударылуда. 2023–2026 жылдар аралығында 803 жас ғалым тұрғын үймен қамтамасыз етілді. Оның ішінде 660 ғалым «Отбасы банк» тетіктері арқылы, ал 143 ғалым Алматы қаласында тұрғын үйді өтеусіз беру арқылы баспаналы болды.

Үшіншіден, халықаралық ғылыми ұтқырлықты дамытуға басымдық берілуде. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жыл сайын 250 ғалымды әлемнің жетекші ғылыми-зерттеу орталықтарында тағылымдамадан өткізу бағдарламасы іске асырылуда.

Төртіншіден, Қазақстанда заманауи зертханалар мен халықаралық ғылыми ұжымдар құру жұмыстары жүргізілуде. Шетелдік университеттермен және ғылыми орталықтармен бірлескен зерттеу платформалары дамытылуда.

Бесіншіден, ғылыми әзірлемелерді экономика саласында қолдануға мүмкіндік жасауға ерекше мән берілуде. Ғылым қоры, университеттердің инновациялық экожүйелері, өнеркәсіптік әріптестер және коммерцияландыру құралдары арқылы жас зерттеушілерге ғылыми зерттеулер жүргізіп қана қоймай, өздерінің технологиялық компанияларын құруға да мүмкіндік беріледі.

Аталған жұмыстың нәтижелері кадрлық көрсеткіштерден де көрініс табуда. Егер 2021 жылы Қазақстанда жас ғалымдардың саны 7 525 адамды құраса, 2025 жылы бұл көрсеткіш 13 592 адамға жетті. Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстармен (ҒЗТКЖ) айналысатын қызметкерлердің жалпы санындағы жас ғалымдардың үлесі 35%-дан 48%-ға дейін өсті.

Сонымен қатар «Болашақ» халықаралық стипендиясы шеңберінде түлектердің өңірлерде жұмыс істеуі үшін ынталандыратын шаралар көзделген.

Атап айтқанда Астана, Алматы және Шымкент қалаларында міндетті еңбекпен өтеудің мерзімі – 5 жыл, ал еліміздің қалған өңірлерінде – 3 жыл.

Осылайша өңірлерде жұмыс істеуді таңдайтын түлектер өздерінің мемлекет алдындағы міндеттемелерін 2 жылға қысқарта алады. Бұл білікті мамандарды өңірлерге тарту үшін қосымша жағдай жасайды.

Сонымен қатар түлектердің еңбекпен өтеу жағдайын жетілдіру бойынша жұмыс жалғасуда. Мамандардың оқуын аяқтаған соң алған мамандығы бойынша жұмыс істеуіне және өз білімін практикада қолдануына басты назар аударылады. Бұл ретте өңірлердің білікті кадрларға қажеттілігі, сондай-ақ түлектер мен жұмыс берушілердің де мүдделері ескеріледі. Қолданыстағы тетіктер өңірлерде жұмыс істеу үшін белгілі бір артықшылықтарды көздейді, ал оларды одан әрі жетілдіру мамандарды даярлау мен жұмысқа орналастыру тиімділігін артыруға мүмкіндік береді.

Анықтама үшін: қазіргі күні еңбекпен өтеу мониторингінде «Болашақ» бағдарламасының 2,1 мың астам түлегі бар. Олардың шамамен ¼-і өңірлерде міндетті еңбекпен өтеп жатыр.

«Ғылыми тағылымдамалар» бағдарламасына қатысудың негізгі шарттарының бірі маманның ғылыми тағылымдамадан өту қажеттілігі расталған жұмыс берушінің өтінімі болу қажет. Бұл дегеніміз, шетелдік даярлыққа олардың ұйымдарында білімі мен дағдылары талап етілетін зерттеушілер жіберіледі. Мұндай тәсіл университеттердің, ғылыми институттардың және басқа да ұйымдардың, оның ішінде өңірлерде орналасқан ұйымдардың нақты қажеттіліктерін ескеруге мүмкіндік береді.

Тағылымдама аяқталған соң қатысушылар Қазақстанға оралады және еңбекпен өтеу бойынша міндеттемелерін орындайды. Бұл ретте жұмыс беруші өтінімі бойынша тағылымдама басталғанға дейін маманды даярлау қандай мақсатта қажет екенін және алған білімін бұдан былай жұмысында қалай қолдануға болатыны анықтайды. Әсіресе бұл өз кадрларын дамытуға және жаңа зерттеу әдістерін енгізуге мүдделі өңірлік университеттер мен ғылыми ұйымдар үшін маңызды.

Анықтама үшін: қазіргі күні еңбекпен өтеу мониторингінде ғылыми тағылымдамадан өткен 1,1 мыңнан астам ғалым бар. Олардың шамамен 1/3-і өңірлерде міндетті еңбекпен өтеп жатыр.

Осылайша қос бағдарлама бойынша Қазақстанда, оның ішінде өңірлерде білікті кадрларды тартуға және сақтап қалуға көмектесетін тетік жұмыс істеуде. Бұл ретте жұмыс берушілердің, түлектердің және өңірлердің қажеттіліктерін ескере отырып, қолданыстағы жағдайды жетілдіру бойынша жұмыс жалғасуда.

4) Жастар саны жоғары және жоғары білімге сұранысы артып отырған қарқынды дамып келе жатқан өңірлерде жаңа университеттік орталықтар құру мәселесін қарастыру

Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру шеңберінде өңірлердің кадрлық әлеуетін арттыруға, жоғары білімнің қолжетімділігін қамтамасыз етуге және өңірлік экономиканың қажеттіліктеріне сәйкес білікті мамандар даярлауға ерекше назар аударылады.

2024 жылы Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университеті (бұдан әрі – ҚазҰСШИУ) құрылды. Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 7 қарашадағы № 695 Жарлығымен ҚазҰСШИУ-ге ерекше мәртебе берілді. 2025 жылы 16 қаңтарда Университетке білім беру

қызметімен айналысуға лицензия берілді. ҚазҰСШИУ-да 1721 адам оның ішінде су шаруашылығы бағыты бойынша 360 адам білім алады.

Осы бағытта Жезқазған қаласында «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Геологиялық кластерінің базасында «Ұлытау университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы құрылды.

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында 2026 жылғы 27 ақпанда Университетке білім беру қызметімен айналысуға лицензия берілді. 2026 жылғы 28 наурызда Университет халықаралық институционалдық аккредиттеуден өтті. Оқу процесі 2026 жылғы 1 қыркүйектен басталды, контингенті 163 білім алушыны құрайды.

Оның ішінде 31 білім алушы республикалық бюджет қаражаты есебінен берілетін мемлекеттік білім беру гранттары бойынша, 2 білім алушы жергілікті бюджет қаражаты есебінен берілетін білім беру гранттары бойынша, 124 білім алушы Қазақмыстың нысаналы білім беру гранттары бойынша қабылданды, 6 білім алушы ақылы негізде білім алуда.

Сонымен қатар өңірлерде жоғары білім беру жүйесінің қалыптасқан инфрақұрылымын дамыту және қолданыстағы жоғары оқу орындарының әлеуетін тиімді пайдалану жұмыстары жүргізілуде.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Қазақ жасанды интеллект зерттеу университеті құрылды. 2026 жылғы 29 сәуірде Университетке білім беру қызметімен айналысуға лицензия берілді. 523 адам білім алуда, оның ішінде ақылы негізде – 297 адам.

Оқу процесі 2026 жылғы 1 қыркүйек күні басталды. Университет EXPO аумағында орналасқан, бұл Alem.Ai инфрақұрылымы мен Astana Hub экожүйесін пайдалануға, сондай-ақ заманауи есептеу ресурстарына, бұлтты платформаларға және озық жасанды интеллект технологияларына қол жеткізуге мүмкіндік береді.